

Бұйрық № 7 Н/Қ

26 тамыз 2024 жыл

Балабақшада қамқоршылық кеңесін құру туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9-тармағына және ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларының 2-тарау, 5-тармағына сәйкес «Ескендір» балабақшасында 2024-2025 оқу жылына қамқоршылық кеңес жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Қамқоршылық кеңес жұмысының жоспары құрылып, бекітілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.



Б.Т.Базаралиева

**ЖШС «Ескендир 07» «Ескендир» балабақшасының қамқоршылық кеңесі отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: 26.08.2024ж

Өткізілген орны: «Ескендир» балабақшасы

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі Б.Т.Базаралиева

Қамқоршылық кеңесі мүшелері:

Маратова Ж.А.

Сәлімова Қ.С.

Күн тәртібінде:

Балабақшада қамқоршылық кеңесті ұйымдастыру;

Қамқоршылық кеңес туралы ережемен таныстыру;

Кеңес төрайымы, мүшелерін сайлау, міндеттерін бөлу.

Жүру барысы:

1.Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша «Ескендир» балабақшасының меңгерушісі Б.Т.Базаралиева сөз алып, Қамқоршылық кеңес дегеніміз қоғам мен бөбекжай арасындағы өзара қарым қатынас жасау құралы, серіктестік негізінде жергілікті қоғамдастық пен бөбекжай арасындағы байланысты орнатуға мүмкіндік беретін ашық жүйе. Қамқоршылық кеңес қоғамдық бастамаларда үнемі жұмыс жасап тұратын алқалық басқарудың бір түрі болып табылады. Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты балабақшаның мақсат міндеттерін жүзеге асыруға жәрдемдесу, білім беру қызметінің сапасын арттыру, сондай ақ балабақшаның материалдық базасын нығайту мақсатында қосымша қаражат және мүлік ресурстарын тарту болып табылады. Балабақша үшін қамқоршылық кеңесінің болуы көптеген артықшылықтар береді. Қамқоршылық кеңесін құру арқылы балабақша бюджеттен тыс қаржы іздеп қанақоймай балабақша мүддесін түрлі деңгейлерде көтеріп, адамдарды тартады. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы тегін жасалады. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілетінін айтты.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша бөбекжай меңгерушісі «Қамқоршылық кеңес туралы ережемен» таныстырды. Қамқоршылық кеңес қоғам мен бөбекжай арасындағы өзара қарым қатынас жасау құралы, серіктестік негізінде жергілікті қоғамдастық пен бөбекжай арасындағы байланысты орнатуға мүмкіндік беретін ашық жүйе. Қамқоршылық кеңес қоғамдық бастамаларда үнемі жұмыс жасап тұратын алқалық басқарудың бір түрі. Негізгі мақсаты бөбекжай мақсат міндеттерін жүзеге асыруға жәрдемдесу, білім беру қызметінің сапасын арттыру болып табылатынын айта келіп, ондағы жалпы ереже, Қамқоршылық кеңес құрамы, Қамқоршылық кеңесінің міндеттері, Қамқоршылық кеңесінің құқықтары мен міндеттері, Қамқоршылық кеңесінің іс қағаздары, Қамқоршылық кеңесінің қағидалары, Қамқоршылық кеңесінің жұмысын тоқтату сияқты сегіз бөліміне жеке жеке тоқталып баяндады.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі Б.Т.Базаралиева сөз алып, Қамқоршылық кеңес төрағасы, мүшелері, хатшы сайлану керек екендігі туралы айтты. Кеңес төрағасына, мүшелігіне, хатшысына бірауыздан төмендегіше сайланды:

Базаралиева Б.Т.

Маратова Ж.А.

Сәлімова Қ.С.

Шешімі:

Қамқоршылық кеңес жұмысы жүйелі жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңес туралы ереже басшылыққа алынып, жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңеске сайланған құрам мүшелері қамқоршылық жұмыстарының жүруіне ат салыссын.

Кеңес төрайымы:

Базаралиева Б.Т.

Кеңес хатшысы:

Маратова Ж.А.

